

Өзгертулер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1996 жылғы 20 маусым N 293

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1995 жылғы 14 желтоқсандағы N 512 өкіміне мынадай өзгерту енгізілсін:

Жүрсімбев С.К. - Қазақстан Республикасы Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті төрағасының орынбасары

Нұрғалиева Е.Н. - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің орынбасары

Ибрагимов Т.А. - Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппараты экономикалық саясат бөлімінің сектор меңгерушісі

Табаева Ш.Б. - Қазақстан Республикасы Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті монополиясыздандыру және бәсекелестікті дамыту бас басқармасының бастығы, комиссия хатшысы

жұмыс комиссиясының құрамына енгізілсін.

Ғ.Ғ. Мусин, С.В. Тихонов аталған құрамнан шығарылсын.

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. "1996 жылы табиғи монополияшы-кәсіпорындарды құрылымдық қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 28 наурыздағы N 361 қаулысына сәйкес талдау материалдары мен шешімдердің жобаларын Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетіне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесіп әзірлеу жүктелсін".

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1995 жылғы 1 ақпандағы N 36

өкімінің;

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1995 жылғы 31 қазандағы N 428 өкімінің күші жойылды деп саналсын.

Премьер-Министр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК